

**ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
ӘКІМНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ**



**ЗАМЕСТИТЕЛЬ
АКІМА
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ**

080008, Тараз қаласы, Абай даңғылы, 125 үй
тел.: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28
e-mail: obl_akim@zhambyl.kz

080008, город Тараз, проспект Абая, дом 125
тел.: 8 (7262) 43-25-18, факс: 45-46-28
e-mail: obl_akim@zhambyl.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрі
С.Омаровқа**

Бүгінгі күні Жамбыл облысы Тараз қаласы маңында орналасқан «Казфосфат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Минералды тыңайтқыштар» Тараз филиалы (әрі қарай – ЖШС) аумағында 12316 мың тонна өндірістік қалдықтары (фосфогипс) жиналған. Фосфогипс - тиімді химиялық қышқыл мелиорант. Сілтілі ортада фосфогипс жақсы ериді, тұздалған және сілтілі топырақтың физикалық-химиялық қасиеттерінің түбегейлі жақсаруын қамтамасыз етеді, топырақтың құнарлылығын және өңделетін дақылдардың түсімділігін 2 есеге дейін арттырады, топырақтың агрономиялық құрылымын жақсарту және топырақтың сіңіру қабілетін теңестіру есебінен суландыру суларының булану мен төгіндіге технологиялық шығынының мөлшерін азайтады. Тұзды және сілтілі топырақтарда ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру үшін химиялық мелиоранттарды енгізу арқылы кальций қорын ұлғайту қажет. Фосфогипс судың сіңу жылдамдығын 30-35% - ға арттырады, өсімдіктерді сумен жабдықтауды жақсартады және жерді тыңайту әсерге иелендіреді. Сонымен қатар, ЖШС арнайы зертханасымен фосфогипс құрамын айына бір рет тексеріп, оның құрамында (1,3 – 2,9%) фосфаттар және басқада топыраққа қажетті химиялық элементтер кіреді. 1 гектар жерге 10 тонна фосфогипс енгізген жағдайда 100 грамм топырақта фосфор қоры 1,0-1,8 миллиграммға өседі, бұл 1 гектар жерге 500-600 кг суперфосфат тыңайтқышын бергенге тең келеді.

Фосфогипстің көлемі жылдан жылға көбеюіне және орналастыратын арнайы орын болмауына байланысты, ЖШС жермен айналысатын шаруа қожалықтарға осы тыңайтқышты ақысыз тегін артып беруге ұсыныс жасап отыр.

Алайда, шаруа қожалықтармен фосфогипсті өздерінің жерлеріне тасымалдау қымбат болып отыр.

Осы аталған өндірістік қалдықтарды бір жағынан тиімді пайдалану және кәдеге жарату мақсатында «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 66 Заңының 7-бабы 2-тармағы 2-тармақшасына негіздей отырып, Сізден фосфогипсті тыңайтқыштар тізбесіне енгізуіңізді, сонымен қатар аталған өндірістік қалдықтарды шаруа қожалықтар жерлеріне тыңайтқыш ретінде тасымалдауға жұмсалған шығындардың құнын ішінара өтеуге арналған субсидиялау нормаларын әзірлеуіңізді сұраймын.

Н.Календеров